

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған аграрлы – техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша

Жаңақорған ауданы

2024 жылғы «23» мамыр

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған аграрлы – техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының *(әрі қарай –Білім беру ұйымы)* құрылымдық бөлімдерінің қызметі болып табылады.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген *(өзгерістер енгізу туралы)* Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды «Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған аграрлы – техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 16.04.2024ж. №35 бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Мампаев Алмат Курбанаевич	Жаңақорған аграрлы-техникалық колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Турсынхожаев Даулетхан Мадиярханович	Директордың оқу-өндірістік жөніндегі орынбасары
Исмаилов Жақсылық Бахытович	Директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары – топ мүшесі
Асанов Нуртуган Шымырбекович	Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінің еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздігі инспекторы, топ жетекшісі
Алтыбаева Гульжан Нурдиллаевна	Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінің заңгері, топ жетекшісі
Таджиева Салима Ариставлетовна	Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінің экономисті, топ жетекшісі
Накыпбекова Гулмира Абреймовна	Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінің әлеуметтік педагогі, топ жетекшісі

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдаумен 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығы кезеңі қамтылды.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 16 -23.05.2024ж. аралығында жүргізілді.
6. Колледж директорының міндетін атқарушы Шарап Талғат топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Білім беру ұйымының құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік – құқықтық актілерде (Әрі қарай НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Білім беру ұйымының құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Білім беру ұйымы күзиреті шегінде техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асырады.

Білім беру ұйымы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» Заңы және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай – ақ, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған аграрлы – техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы мен ішкі тәртіп ережесіне сәйкес іске асырылады.

Білім беру ұйымында 5 құрылымды бөлімше жұмыс жасайды:

- Оқу жұмыстары бөлімі;
- Тәрбие жұмыстары бөлімі;
- Оқу-өндірістік жұмыстары бөлімі;
- Кадр бөлімі;
- Шаруашылық жұмыстары бөлімі;
- Есеп-қисап бөлімі;

Мекен – жайы: 120300, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Құраманғазы №81

II. Білім беру ұйымының қызметіне, оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін НҚА мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Кодекстерді, Заңдарды, нормативтік-құқықтық актілерді, бөлімдер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

Білім беру ұйымы қызметінде келесідей НҚА пайдаланылады:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы
2. Қазақстан Республикасының Еңбек туралы Заңы
3. «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 Бұйрығы
4. «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 150 бұйрығы
5. «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.
6. «Білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

- министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 мамырдағы № 199 бұйрығы
7. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 27 желтоқсандағы № 719 бұйрығы.
 8. «Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 212 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 қарашадағы № 633 бұйрығы.
 9. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 09 шілдедегі № 263 бұйрығы
 10. «Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар төлеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысына өзгерістер енгізу туралы
 11. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысы
 12. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 660 бұйрығы.
 13. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы.
 14. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
 15. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығын таныстыру.
 16. «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы мен қосымшалары
 17. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы
 18. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы
 19. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысы
 20. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

21. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығы
22. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығы
23. «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы
24. «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» "Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы бойынша беріледі.
25. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы бойынша қабылданады.
26. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру» "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы бойынша беріледі.
27. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» "Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы бойынша қабылданады.
28. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру» "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 бұйрығы бойынша жүзеге асырылады.
29. «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №218 бұйрығы бойынша жүзеге асырылады.
30. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі №82 бұйрығы
31. Қызметкерлерді көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қызметкерлерге сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысы

НҚА талдау жүргізу нәтижесінде процестерін реттеу бойынша анықталғаны:

Оқу, оқу-тәрбие, оқу өндірістік, шаруашылық жұмыстары мен кадр, есеп-қисап бөлімінің қызметін іске асыруда НҚА басшылыққа алынған.

Оқу процесінің ұйымдастырылуы.

Жаңақорған аграрлы – техникалық колледжі бойынша оқу процесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, колледж Жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізіліп келеді.

2023-2024 оқу жылында 20 оқу тобында 338 студент жергілікті бюджет есебінен білім алуға. 290-студент шәкіртақы алады. Барлығы 1-ауысымда оқиды. Сабақ кестесі оқу жылында жасалып, бекітілді. III курс студенттерінің өндірістік тәжірибеден сабаққа қосылуына байланысты, педагогтардың білім жетілдіру курстарында білім жетілдіруіне байланысты 02.10.2023 ж., 09.10.2023 ж., 30.10.2023 ж., 06.11.2023 ж., 08.11.2023 ж., 13.11.2023 ж. сабақ кестелеріне өзгерістер енгізілсе, 01.12.2023 ж. аяқталған пәндер бойынша сабақ кестесі өзгертілді.

Тәрбие жұмыстарының жүргізілуі.

Талдау барысында колледжде тәрбие жұмысы Жаңақорған аграрлы - техникалық колледжінің 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2023 жылдың 19 қыркүйектегі №294 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылып келеді.

Колледждің әлеуметтік паспорты: Тұл жетім - 1 , жартылай жетім - 37 , көп балалы - 126, толық емес отбасы - 31, жұмыссыз отбасы – 108, мүмкіндігі шектеулі –12, аз қамтылған отбасы –110 .

Тәрбие шараларын ұйымдастыруда «Студенттік парламент ұйымы», «Жасқыран» дебат клубы құрылып, ережелері бекітіліп, жұмыс жоспарлары жасалған. Одан бөлек «Sanaly ugrak» - адалдық клубы, үйірмесі және спорттық үйірмелер жұмыс жасайды.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 Заңы және «Балаларды зорлық – зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысы негізінде балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында колледжде 48 бейнекамералар орнатылды. Бейнекамералар арқылы 20 ішкі және 28 сыртқы бақылау жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 қаулысына сәйкес білім алушылардың санына қарай колледжде штат бойынша 1 педагог – психолог, 1 әлеуметтік педагог жұмыс жасайды.

Кітапхана. Барлық кітап қоры -18657. Оның ішінде көркем әдебиеттер саны – 5235, жалпы білім беретін пән оқулықтары – 3913, мамандық бойынша кәсіптік білім беретін оқулықтар саны – 8713, электронды оқулықтар – 252, әдістемеліктер саны – 544.

2021-2022 оқу жылында бөлінген қаржы – 1576969 теңге.

2022-2023 оқу жылында бөлінген қаржы – 2 545 769,0 теңге. Жаңадан алынған кітап саны 696. Оның ішінде жалпы білім беретін пән оқулықтары – 441; арнайы кәсіптік білім беретін оқулықтар саны – 255.

«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығын басшылыққа ала отырып, педагогикалық әдеп қағидалары нормаларын сақтауға жауапты әдеп жөніндегі уәкілді тағайындау және Педагогикалық әдеп Кеңесі құрамын бекіту туралы колледж директорының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 80 бұйрығына сәйкес Кеңес құрамы бекітілген. Кеңестің ережесі бекітіліп, жұмыс жоспары жасалған.

Қызылорда облысының білім басқармасы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 1 қыркүйегінде колледж басшысының №74 бұйрығымен колледжішілік «Қамқоршылық кеңесі» құрылған. Кеңес құрамында 9 адам бар. Кеңестің жұмыс жоспары жасалып, отырыстары хаттамаланған. 2022 жылдың 3 қазанындағы «Қамқоршылық кеңестің» №2 хаттамасымен 2023 -2024 оқу жылындағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғарғы білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілермен

білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай – ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен партонаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» Ережесін басшылыққа ала отырып әлеуметтік тұрмысы төмен 110 білім алушы ыстық тамақпен қамтылған.

ҰСЫНЫС:

1. Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесінің жұмысын жандандыру
2. «Оқуға құштар колледж» жобасы шеңберінде колледж кітапханасына көркем әдебиеттерді толықтыруға ұсыныс беру.

Оқу-өндірістік жұмыстардың ұйымдастырылуы мен жүргізілуі.

Дуалды оқыту бойынша 2020-2021 жылдары – 109; 2021-2022 жылдары – 91;

2022-2023 жылдары – 102 студент оқылды. Биылғы оқу жылы бойынша Техникалық және кәсіби білім беру шеңберінде дуалды оқыту бойынша - 124 студент қамтылған.

Колледждің әлеуметтік серіктестері. ДК "Автомектеп Жаңақорған"; ДК Ажимуротов; №51 орта мектебі; №194 орта мектеп; №56 орта мектеп; ДК Олжас; ДК Бағжан; №110 орта мектеп; №49 орта мектеп; №166 орта мектеп; ДК «Мағжан»; ДК Арсен; ДК. Исабаев; «Тоқтамыс» ШҚ; «Бақытжан» ШҚ; ДК «Баязова»; ДК "Аруназ"

Келісім шарт жасалған кәсіпорындары мен компаниялар –35

Жұмысқа орналасу бойынша 2020-2021 оқу жылы 176 бітіруші түлектің 113 жұмысқа орналасса, 2021-2022 оқу жылы 179 бітіруші түлектің 123 жұмысқа орналасқан және 2022-2023 оқу жылы 298 бітіруші түлектің 247 жұмысқа орналасты.

«WorldSkills Kazakstan» Ұлттық чемпионаты бойынша

2019 жыл бойынша облыстық іріктеу байқауының жүлдегерлері:

«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» күзiреттiлiгi бойынша II орын иегерi Ибрагимов Дидар, «Дәнекерлеу ісі» күзiреттiлiгi бойынша II орын иегерi Убайдуллаев Жасұлан; «Тiгiн өндiрiсi және киiмдердi үлгiлеу» күзiреттiлiгi бойынша III орын иегерi Абыт Ақнұр;

2020 жыл бойынша облыстық іріктеу байқауының жүлдегері:

«Тамақтандыруды ұйымдастыру» күзiреттiлiгi бойынша III орын иегерi Серiкбайқызы Сымбат;

2021 жыл бойынша облыстық іріктеу байқауының жүлдері:

«Тамақтандыруды ұйымдастыру» күзiреттiлiгi бойынша II орын иегерi Серiкбайқызы Сымбат;

2022 жыл бойынша облыстық іріктеу байқауының жүлдегерлері:

«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» күзiреттiлiгi бойынша II орын иегерi Әлімхан Дидар; «Есептеу техникасы және ақпараттық желiлер» күзiреттiлiгi бойынша II орын иегерi Нәмәтiлләұлы Ерболат; «Тамақтандыруды ұйымдастыру» күзiреттiлiгi бойынша II орын иегерi Серiкбайқызы Сымбат; «Тiгiн өндiрiсi және киiмдердi үлгiлеу» күзiреттiлiгi бойынша Сатымса Балбота I орын иегерi атанды.

«Кiрпiш қалау» күзiреттiлiгi бойынша «WorldSkills» Ұлттық чемпионатының облыстық iрiктеу кезеңi **2022 жылы** 16-17 мамыр аралығында Қазалы аграрлы – техникалық колледжiнде өткiзiлiп, нәтижесiнде **Мәтен Нүрдәулет Нүрдiлләұлы** I орын иегерi атанды.

«WorldSkills Kazakstan-2022» республикалық кәсiби шеберлiк конкурсы Астана қаласында 2022 жылы 4-11 желтоқсан аралығында өткен чемпионатта **I-орын «Алтын белгi»** иегерi атанды.

2023 жыл бойынша облыстық іріктеу байқауының жүлдегерлері:

«Есептеу техникасы және ақпараттық желiлер» күзiреттiлiгi бойынша III орын иегерi Нәмәтiлләұлы Ерболат; «Дәнекерлеу ісі» күзiреттiлiгi бойынша III орын иегер Қонысбек Нұрбақыт; «Токарлық ісі» күзiреттiлiгi бойынша III орын иегерi Исламханұлы Мақсат; «Тамақтандыруды ұйымдастыру» күзiреттiлiгi бойынша II орын иегерi Батырбек Қарақат;

«Жеңiл автомобильдердi жөндеу» күзiреттiлiгi бойынша I орын иегерi Әлімхан Дидар атанып,

«WorldSkills Kazakstan-2023» республикалық кәсiби шеберлiк конкурсына Әлімхан Дидар 2023 жылдың 19-27 қараша аралығында «Жеңiл автомобильдердi жөндеу» күзiреттiлiгi бойынша Астана қаласында бағын сынап келдi.

Колледждер бойынша Ұлттық бiрiңғай деректер қорына тиiстi ақпараттарды енгiздi қамтамасыз ету.

Жаңақорған аграрлы - техникалық колледжi ұлттық бiлiм беру деректер қорына әр сала бойынша, қызметкерлердiң, бiлiм алушылардың толықтай мәлiметтерiн енгiзiп отырады. ҰБДҚ колледж директорының бұйрығына сәйкес директор орынбасары мен арнайы маман бекiтiлген.

Қызметкерлер – 143 , контингент – 338 , компьютердiң жалпы саны – 112, интернетке қосылғаны - 75,

2023 жылы колледждердi мемлекеттiк тапсырыс негiзiнде бiтiрушiлердiң

тұрақты жұмысқа орналасу көрсеткішін 70 пайыздан төмен болмауын қамтамасыз ету.

Жаңақорған аграрлы–техникалық колледжін 2022-2023 оқу жылында 298 түлек бітірді. Мамандықтар бойынша жұмысқа орналасқан бітірушілердің және ЖОО оқуды жалғастыруды, қарулы күштер қатарында қызмет етуді, бала күтімі бойынша демалыста болуды растайтын деректер негізінде жұмыспен қамтылған бітірушілердің үлесі:- 225, пайызға шаққанда - 85,5.

ҰСЫНЫС:

1. Мақсатты мемлекеттік тапсырыспен білім алушыларды арттыру.
2. Бітіруші түлектердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына назар аудару.

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Кадр әлеуеті.

Жаңақорған аграрлы – техникалық колледжі бойынша 2023-2024 оқу жылына 101 педагогпен бастаса, бүгінгі күні 84 педагог жұмыс жасайды. Оның ішінде, 17 оқытушы бала күтіміне байланысты демалыста.

84 педагог бойынша «Магистр» дәрежесі бар – 9 педагог, « I санатты басшының орынбасары» біліктілігі – 1 педагог, « III санатты басшының орынбасары» біліктілігі – 2 педагог, «Педагог-зерттеуші» біліктілігі – 3 педагог, «Педагог – сарапшы» біліктілігі – 10 педагог, «Педагог-модератор» біліктілігі – 43 педагог Жоғары санатты – 1 педагог, Санаты жоқ – 26 педагог. «Педагог-зерттеуші» мен «Педагог – сарапшы» біліктілігі барлық педагогтардың 11% құрайды.

2023-2024 оқу жылында оқу жүктемесі – 27108 сағат, оның ішінде барлығы да жергілікті бюджет есебінен берілген.

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

2022 жылы тәртіптік жаза қолданылған қызметкерлер.

№	Аты-жөні	Қызметі	Тәртіптік шара түрі
1	Таджиева Салима Ариставлетовна	экономист	23.08.2022 ж.№56
2	Қалдарбекова Сымбат Саматқызы	Арнайы пән оқытушысы	27.12.2022 ж. №100

2023 жылы 8 қызметкерге басшының бұйрығымен ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

№	Аты-жөні	Қызметі	Тәртіптік шара түрі
1	Абдреимов Галымжан Дамирович	Өндірістік оқыту шебері	22.02.2023 ж.№1
2	Сейданов Адилбек Убайдуллаевич	Өндірістік оқыту шебері	22.02.2023 ж.№1
3	Құлажанов Нұрбол Ускеналиевич	Жалпы пән оқытушысы	22.02.2023 ж.№1
4	Хойшиев Сабырхан Батырханович	Жалпы пән оқытушысы	22.02.2023 ж.№1
5	Балтабаева Гулстан Абдулакановна	Өндірістік оқыту шебері	24.02.2023 ж.№2
6	Ускенбаева Маржан Нарзуллаевна	Жалпы пән оқытушысы	24.02.2023 ж.№2
7	Нуртазаев Жумахан Махамбетович	Жалпы пән оқытушысы	24.02.2023 ж.№2
8	Абраманов Ержан	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	14.12.2023ж

2024 жылы 3 қызметкерге тәртіптік жаза түрлері қолданылды.

1	Аты-жөні	Қызметі	Тәртіптік шара түрі
----------	-----------------	----------------	----------------------------

	Өтенбаев Азамат	Жатақхана меңгерушісі	12.02.2024ж
2	Мамадиев Ержан	Жатақхана тәрбиешісі	12.02.2024ж
3	Алайдар Еламан	Жатақхана комендант	20.02.2024ж

VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру

2023 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығында коммуналдық қызметтерге (интернет желісіне) 943,0 (тоғыз жүз қырық үш мың) теңге, жылу маусымына жұмсалған қаржы 8254,0 (сегіз миллион екі жүз елу төрт мың) теңге, электр энергиясына 3665,0 (үш миллион алты жүз алпыс бес мың) теңге қаржы жұмсалды.

2023 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығында Дәрі дәрмектер мен медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды сатып алуға жұмсалған қаржы 149,0 (бір жүз қырық тоғыз мың) теңге.

2023 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығын қоса алғанда мекеме теңгеріміндегі 2410 – есеп шоты бойынша негізгі қорлардың баланыстық құны 622699,8 (алты жүз жиырма екі миллион алты жүз тоқсан тоғыз мың сегіз жүз) теңге.

2023 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығында шәкіртақыға жергілікті бюджеттен 294 оқушыға жұмсалған қаржы 106228,0 (бір жүз алты миллион екі жүз жиырма сегіз мың) теңге, нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша 96 оқушыға жұмсалған қаржы 15456,0 (он бес миллион төрт жүз елу алты) теңге.

2023 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығында жеке тұлғаларға берілетін трансферттер (ыстық тамаққа) жергілікті бюджеттен жұмсалған орташа 101 оқушыға жұмсалған қаржы 14631,0 (он төрт миллион алты жүз отыз бір мың) теңге, нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша 96 оқушыға жұмсалған қаржы 8058,0(сегіз миллион елу сегіз мың) теңге.

Жергілікті бюджеттен (261025015) бағдарламасы бойынша 2023 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығында жергілікті бюджеттен берілген қаржы 557435,1(бес жүз елу жеті миллион төрт жүз отыз бес мың бір жүз) теңге, жұмсалған қаржы 557435,1(бес жүз елу жеті миллион төрт жүз отыз бес мың бір жүз) теңге.

Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы (261052045) бағдарламасы бойынша 2023 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығында берілген қаржы 49278,0 (қырық тоғыз миллион екі жүз жетпіс сегіз мың) теңге, жұмсалған қаржы 49278,0 (қырық тоғыз миллион екі жүз жетпіс сегіз мың) теңге

Ақылы қызмет№004 кіші бағдарламасы бойынша 2023 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығында есеп шотқа түскен қаржы 405,0 (төрт жүз бес мың) теңге, жұмсалған қаржы 405,0 (төрт жүз бес мың) теңге.

2024 жылдың қаңтар – мамыр айлары аралығында коммуналдық қызметтерге (интернет желісіне) 579,2 (бес жүз жетпіс тоғыз мың екі жүз) теңге, жылу маусымына жұмсалған қаржы 877,1 (сегіз жүз жетпіс жеті мың бір жүз) теңге, электр энергиясына 859,6 (сегіз жүз елу тоғыз мың алты жүз) теңге.

2024 жылдың қаңтар –мамыр аралығын қоса алғанда мекеме теңгеріміндегі 2410 – есеп шоты бойынша негізгі қорлардың баланыстық құны 623931,6 (алты жүз жиырма үш миллион тоғыз жүз отыз бір мың алты жүз) теңге.

2024 жылдың қаңтар – мамыр айлары аралығында шәкіртақыға жергілікті бюджеттен 286 оқушыға жұмсалған қаржы 60823,4 (алпыс миллион сегіз жүз жиырма үш мың төрт жүз) теңге.

2024 жылдың қаңтар – мамыр айлары аралығында жеке тұлғаларға берілетін трансферттер (ыстық тамаққа) жергілікті бюджеттен жұмсалған орташа 110 оқушыға жұмсалған қаржы 9336,0 (тоғыз миллион үш жүз отыз алты мың) теңге.

Жергілікті бюджеттен (261025015) бағдарламасы бойынша 2024 жылдың қаңтар – мамыр айлары аралығында жергілікті бюджеттен берілген қаржы 541322,0 (бес жүз қырық бір миллион үш жүз жиырма екі мың) теңге, жұмсалған қаржы 247006,0 (екі жүз қырық жеті миллион алты мың) теңге.

Ақылы қызмет№004 кіші бағдарламасы бойынша 2024 жылдың қаңтар – мамыр айлары аралығында есеп шотқа түскен қаржы 324,8 (үш жүз жиырма төрт мың сегіз жүз) теңге, жұмсалған қаржы 324,8 (үш жүз жиырма төрт мың сегіз жүз) теңге.

«ІХ. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу 2023 жыл.

«Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК-ны бойынша 2023 жылы мемлекеттік сатып алу порталында барлығы 42 950 667, теңгеге 120 келісім шарт жасалды. Оның ішінде: тікелей бір көзден сатып алу арқылы - 6 келісім шарт (су, электрэнергиясы, семинарлар, диплом мұқабалары) 11 369 659,28 тиын. Сәтсіз сатып алулар үшін бір көзден сатып алу бойынша - 9 келісім шарт 2 152 879 теңгеге (шаруашылық заттар, кеңсе тауарлары, сайт қызметтері, дәрі-дәрмектер, жылу маусымына дайындық сараптамасы), Баға ұсыныстары бойынша - 89 келісім шарт 15 814 258,35 теңгеге (шаруашылық заттар, кеңсе тауарлары, сайт қызметтері, дәрі-дәрмектер, жылу маусымына дайындық сараптамасы), Негіздік келісімді қолдану арқылы бәсекелестіктің екінші кезеңі бойынша - 1 келісім шарт 134 400 теңгеге (интернет). Электрондық дүкен бойынша - 13 келісім шарт 878 917,14 тиын (шаруашылық заттар, кеңсе тауарлары, сайт қызметтері, дәрі-дәрмектер, жылу маусымына дайындық сараптамасы), Тауар биржалары арқылы - 1 келісім шарт (су, электрэнергиясы, семинарлар, диплом мұқабалары) 5 900 042,09 тиын. Алдын ала біліктілік бойынша жарыс сатып алу арқылы - 1 келісім шарт (су, электр энергиясы, семинарлар, диплом мұқабалары) 6 700 512 теңге.

«Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК-ны бойынша 2024 жылдың қаңтар-мамыр айларында мемлекеттік сатып алу порталында барлығы 7 230 513,42 (жеті миллион екі жүз отыз мың бес жүз он үш теңге 42 тиын) 19 келісім шарт жасалды. Оның ішінде: Баға ұсыныстары бойынша - 6 келісім шарт 569 736 мың теңге. (шаруашылық заттар, кеңсе тауарлары, сайт қызметтері, дәрі-дәрмектер, жылу маусымына дайындық сараптамасы), Тікелей бір көзден сатып алу арқылы - 2 келісім шарт (су, электрэнергиясы, семинарлар, диплом мұқабалары) 3 139 718, 86 тиын. Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу бойынша - 7 келісім шарт 1 026 338,56 тиын (шаруашылық заттар, кеңсе тауарлары, сайт қызметтері, дәрі-дәрмектер, жылу маусымына дайындық сараптамасы), Электрондық дүкен бойынша - 2 келісім шарт 640 000 мың теңгеге (шаруашылық заттар, кеңсе тауарлары, сайт қызметтері, дәрі-дәрмектер, жылу маусымына дайындық сараптамасы, дизтопливо), Негіздік келісімді қолдану арқылы байқаудың екінші кезеңі бойынша - 2 келісім шарт 1 854 720 мың теңгеге (интернет, байланыс қызметі).

X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Білім беру ұйымында ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану жүйесі қарастырылмаған.

XI. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзгеде мәселелер.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты.

2023 жылы қыркүйек – желтоқсан айларында жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне сәйкес мәселелер туындаған жоқ.

ҰСЫНЫС:

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауда, келісім – шарт жасасуда НҚА қатаң басшылыққа алу.

Жауапты тұлғаларға жұмыс барысында НҚА бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Талдау нәтижесінде Білім беру ұйымының қызметінде қолданылатын НҚА және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкестіктерді жою бойынша ҰСЫНЫМДАР:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша:

Жан басына қаржыландыру жүйесіне байланысты білім алушылардың оқудан шығуына жол бермеу, оқу-тәрбие процесіне тарту.

Білім беру ұйымының бейнебақылау камераларының санын арттыруға қаржы көздерін қарастыру;

Білім беру ұйымы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды насихаттау және алдын алу бойынша жұмыстарды тұрақты негізде жүргізу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспар тармақтарының іске асырылуы мен уақытылы орындалуына бақылауды күшейту.

«КЕЛІСІЛДІ»

Жұмыс тобы мүшелері:

Колледж директорының м.а

Т.Шарап

**Директордың тәрбие жұмыстары
жөніндегі орынбасары, топ мүшесі**

А.Мампаев

**Директордың оқу – өндірістік жұмыстары
жөніндегі орынбасары, топ мүшесі**

Д.Турсынхожаев

**Директордың шаруашылық жұмыстары
жөніндегі орынбасары, топ мүшесі**

Ж.Исмаилов

Колледжінің экономисті, топ мүшесі

С.Таджиева

Колледж заңгері, топ мүшесі

Г.Алтыбаева

Кадр бөлімінің меңгерушісі, топ мүшесі

Д.Рустемова

**Колледжінің еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздігі
инспекторы, топ мүшесі**

Н.Асанов

Хатшы, топ мүшесі

Г.Накыпбекова

«КЕЛІСІМ»
Жұмыс тобы мүшелері:

Колледж директорының о.а

Директордың тәрбие жұмыстары
жөніндегі орынбасары, топ мүшесі

Директордың оқу – өндірістік жұмыстары
жөніндегі орынбасары, топ мүшесі

Директордың шаруашылық жұмыстары
жөніндегі орынбасары, топ мүшесі

Колледжінің экономисті, топ мүшесі

Колледж заңгері, топ мүшесі

Кадр бөлімінің меңгерушісі, топ мүшесі

Колледжінің еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздігі
инспекторы, топ мүшесі

Хатшы, топ мүшесі



[Handwritten signature]

Т.Шарап

[Handwritten signature]

А.Мампаев

[Handwritten signature]

Д.Турсынхожаев

[Handwritten signature]

Ж.Исмаилов

[Handwritten signature]

С.Гаджиева

[Handwritten signature]

Г.Алтыбаева

[Handwritten signature]

Д.Рустемова

[Handwritten signature]

Н.Асанов

[Handwritten signature]

Г.Накыпбекова